

ӘОЖ 373.5.02(1-87)

Г.Қ. Смағұлова, А.Т. Дүйсебек, Е.А. Тұяқов

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Шетелдік тәжірибедегі 12 жылдық білім беру

Аңдатпа. Мақалада алыс және жақын шетелдік мемлекеттердегі мектептік білім берудің құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері, оқу үдерісінде жүзеге асырылып жатқан тиімді дидактикалық әдістері мен көзқарастары қарастырылған. Мұндай талдау нәтижелерін 12 жылдық мектептің оқыту мазмұны мен әдістерін даярлау кезінде пайдалануға болады.

Түйінді сөздер. Білім беру философиясы мен әдіснамасы, академиялық оқыту

Білім берудің 12 жылдық моделіне көшу және оны білім беру мазмұнын жаңғыртумен қоса жүзеге асыру Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттердің бірі болып табылады [1]. Бұл Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуына, халықаралық білім кеңістігінен лайықты орын алуына жол ашатын ауқымды, стратегиялық маңызды шара есебінде бағаланып отыр. Осыған орай, 2015 жылдан бастап 12 жылдық білім берудің жаңа стандарттарын енгізу жоспарлануда.

Білім беру мазмұнын жаңғыртудың басты идеясы - оқушыға білім берумен қатар, оның бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жоғары адамгершілік қасиеттер және ақпараттық, көпмәдениетті қоғам жағдайында табысты өмір сүруге мүмкіндік беретін қабілеттер мен біліктілік қалыптастыру. 12-жылдық білім беру оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі жетілдіру мен жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға, креативтілігін және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, яғни алған білімін іс жүзінде ұтымды түрде қолдана білу мүмкіндіктерін кеңейтуге басымдық береді.

Қазіргі кезде орта білім беру жүйесінің дамуында төмендегідей тенденциялар байқалып отыр, олар: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім берудің жаңа мазмұнға ие болуы; білім беруде және басқаруда ақпараттық технологиялардың қарқынды енгізілуі; оқыту-тәрбиелеу әдістерін оқушының жеке даму траекториясына лайықтай отырып, оның танымдық белсенділігі мен өзіндік дамуын қамтамасыз етуі; кәсіби бағдар берудің белсенділігінің артуы; көптілді білім беруге

көшуі; білім мазмұнының тәрбиелік және әлеуметтендіру әлеуетін арттыруы және т.б.

Алыс және жақын шетелдік мемлекеттердегі білім беру жүйесін зерттеу барысында соңғы он жылдың ішінде жалпы орта білім беру жүйесінің құрылымында, оқыту мазмұнында айтарлықтай өзгерістер болғанын байқадық. Дамыған елдердің басым көпшілігінде жүзеге асырылып жатқан 12 жылдық білім беру жүйесі заман талаптарына сай оқушы жастарға сапалы білім берудегі өз оңтайлылығын көрсетіп отыр.

Әлем елдері тәжірибесінде әр елдің, әр мемлекеттің өзіне тән орта білім беру жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері бар. Кейбір шет елдерде, атап айтқанда, АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канада мен Германияда жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, ал Жапонияда, Швецияда, Францияда, Италияда, Қытайда – 12 жыл екен [2]. Жалпы мемлекеттердің 80%-ында 12 жылдық білім беру жүйесі енгізілген. Енді осылардың бірқатарының тәжірибелеріне тоқталып өтейік.

Америка Құрама Штатының білім беру жүйесін зерттеушілер «демократиялық», «барлығы үшін ашық», «білім беру мүмкіндіктері тепе-тең» деп атайды. Ал оның құрамындағы әрбір штат білім мазмұны және құрылымымен, оқу бағдарламаларымен айрықшаланады. Соңғы уақытта АҚШ-та мектепке дейінгі, мектепалды дайындыққа көп назар аударылған. Әсіресе, ауылдық мектептерде 5 жасар балаларды мектепке дайындауда жаппай жұмыс жасалып келеді. Барлық штаттар үшін білім алу ұзақтығы – 12 жыл, оқу мерзімі 6 жас пен 18 жас аралығын қамтиды. Жалпы орта білімнің құрылымы – 6+3+3 немесе 8+4 (мектептің қай штат-

та орналасуына байланысты). Білім беру мемлекеттік оқу орындарында тегін, жекеменшік мектептерде ақылы түрде жүзеге асырылады [2].

АҚШ-та орта мектеп 2 буыннан тұрады: кіші және жоғары мектеп. Кіші орта мектептің 7-9 сыныптарында жалпыға бірдей бағдарлама қолданылып, қалған сабақтары таңдау бойынша (элективтік курстар) жүреді, жоғары орта мектептің 10-12 сыныптарында міндетті түрде 5 оқу пәні және тәжірибелік, академиялық бағыттағы бейіндік пәндер оқытылады. Әрбір оқушыға арнайы оқу жоспары құрылып, одан кейін оқушылар топтарға бөлінеді (әртүрлі бағыттарға байланысты): филологиялық, қоғамдық, математикалық, жаратылыстану, ақпараттық. Академиялық емес бағыттағы оқушылар міндетті пәндерді және тәжірибелік курстарды оқиды. Барлық оқушылар үшін міндетті пәндер және таңдау пәндері бекітілген. Солардың көмегімен оқыту бағыты бойынша саралау (дифференциация), яғни білім беру қызметінің вариативтілігі әртүрлі таңдау пәндері бойынша оқу пәндерінің аймағын кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Федералдық заңға сәйкес штаттар үшін бірыңғай kurikulum болуы мүмкін емес. Соған қарамастан, барлық штаттарда ағылшын тілі (оқу), математика, жаратылыстану ғылымдары және ғылыми әдістер, АҚШ тарихы, бейнелеу өнері, музыка, денсаулық және тамақтану, тәжірибелік өнерлер (дизайн), дене тәрбиесі және шетел тілдері оқытылады. Көптеген мектептер шет елдердің тарихы мен мәдениетін оқиды. Апталық оқу жүктемесі 19,8-ден 24,9 сағат аралығында (қай штатта орналасуына қарай) болады. Әдетте, орта білім беру жүйесінде 2 жыл математика, 2 жыл жаратылыстану ғылымдары, 4 жыл ағылшын тілі және 3 жыл әлеуметтік пәндер оқытылады. Оқушылар басқа да пәндерді, сонымен қатар көрсетілген талаптардан жоғары болатын жеке-кей бағдарламаларды алуы мүмкін. Уақыт мөлшерін әр штат өзі анықтайды. Оқушы білімін бағалаудағы басты әдіс – тест. Қазіргі таңда көбіне дұрыс жауаптары көрсетілмейтін тестер қолданылады. Білім деңгейін бағалау мен бақылау көбінесе кредит бойынша жүзеге асырылады. Мектепті бітіргендігі (12 жыл) туралы құжатты алу үшін 16 кредит жинауы қажет. 1 кредит аптасына 5×45 минут оқуға тең (бір академиялық жыл үшін). Көптеген штаттарда жоғары оқу орындары мектепті бітірген құжаты бар барлық оқушыларды қабылдайды. Оқушылар кешенді (барлығын қамтитын)

емтихан тапсырады. Барлық штаттарда базалық пәндер (барлығына тән негізгі) және оқушылардың оларды меңгеру деңгейін өлшеудің жалпы стандарттары бар. Білім деңгейін өлшеуде (ғылыми зерттеулерде, эксперименттерде) белсенді түрде мұғалімдер қатысады.

Англияның орта білім жүйесінің құрылымы (бастауыш мектеп + негізгі + толықсыз орта мектеп + толық орта мектеп): 6+5+2. Міндетті оқу мерзімі – 11 жыл, оқуға баланы 5 жасынан қабылдайды. Мектептегі алғашқы екі жыл негізінен ойын түрінде өтеді. Толықсыз орта мектептің соңғы екі сыныбы екі бағытта қалыптасады: «академиялық» және «академиялық емес». Академиялық бөлімде оқитын оқушылар тереңдетілген бағдарламалар бойынша оқып, 11-ші жылдың соңында толық орта мектепке түсу үшін емтихандар тапсырады. Міндетті мектепті бітірушілердің кейбіреулері жұмыс істеуге немесе кәсіби мектептерде оқуға барады. Англияның орта мектептерінде жоғары оқу орындарына түсуге бағытталған тек академиялық оқыту жүзеге асырылады. Мұнда ғылыми-жаратылыстану немесе гуманитарлық және басқадай бағыттар жоқ; әрбір оқушы үшін жеке оқу жоспары құрылады. Академиялық бағыт негізгі және мектептің мүмкіндіктеріне байланысты пәндерді қамтиды. Негізгі пәндер (ағылшын тілі және әдебиет, тарих, география, математика, физика, химия, биология, өнер, шетел тілдері) жеке курстармен берілген. Олардың ішіндегі 3 пән (ағылшын тілі, математика, жаратылыстану) орта білім үшін негізгі болып саналады. Қалған жеті пән базалық болып табылады: технология (дизайн және технология және ақпараттық технология), тарих, география, музыка, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, қазіргі заманғы шетел тілдері. Әр саты сайын аттестация (7, 11, 14 жастарында ағылшын және математика, жаратылыстану ғылымдары бойынша) жүргізіледі. Емтихандар ұлттық критерийлерге сәйкес бекітіледі, солардың негізінде бағдарламалардың мазмұны құрастырылады. Емтихандар алған білімін пайдалана білуін тексереді. Ұсынылатын материалдар оқушыларға білімдерін жоғары деңгейде көрсетуіне мүмкіндік береді. Оқушылар деңгейлерін (A, B, C, D, E, F, G) өздері анықтайды, математика 3 деңгейде, музыка, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, тарих 1 деңгейде беріледі. Егер оқушының нәтижесі нашар болса, оның басқа деңгейге көшуге мүмкіндігі бар. Кімде-кім стандартқа (G) жете алмаса, онда оған мектеп бітіргені туралы құжат берілмейді. Англияда білім

беру стандарттары бойынша арнайы бөлім бар, олар білім сапасы және оқушылардың стандарттық жетістігі туралы бақылап, баяндап отырады. Мектептегі білім берудің сапасы мен деңгейі мұғалімдерді даярлаудың жоғары стандартымен үйлесуі ескеріледі [3].

Германиядағы орта білім жүйесінің құрылымы (әртүрлі жерлерде): 4+5+4 және 6+4+3. Мектептегі оқыту екі сатыдан тұрады. Бірінші саты – бастауыш мектеп, ол 1–4 сыныптарды қамтиды (оқу 6 жастан басталады). Екінші – жоғарғы саты, ол міндетті кәсіби мектепті қамтиды, оның мынадай типтері бар: жоғары оқу орындарына түсу үшін жалпы дайындыққа бағытталған оқыту циклі, жоғары арнайы оқу орындарына түсу үшін дайындыққа бағытталған оқыту циклі, кәсіп бойынша арнаулы оқыту циклі, дуальды жүйе бойынша кәсіби оқыту (өндірістік оқыту және кәсіби мектеп). Екінші сатыға негізгі мектеп, нақтылы мектеп және гимназия кіреді. Бастауыш мектептен кейін бала оқуын көрсетілген типтегі мектептерде жалғастырады. Балаларды бөлу бастауыш мектепті бітіргеннен кейін жүзеге асырылады. Балалар қабілеттеріне қарай үшке бөлінеді. Бір бөлігі жалпы және бастауыш кәсіби дайындық алу үшін 9 жылдық мектепке, екіншісі 10 жылдық нақтылы мектепке барады. Қабілеттері жоғары балалар гимназияда жалғастырады. Негізгі мектепте (5-10 сыныптарда) 50%-ға жуығын жасөспірім оқушылар құрайды, олар толықсыз жалпы білімді меңгергеннен кейін, кәсіби білім алуға жолдама алады. Ал нақтылы мектепте (5-10 немесе 7-10 сыныптар) кәсіби-практикалық бағытта жалпы толықсыз білім беріледі, онда физика, химия, биология, шет тілдері мен басқа да академиялық пәндер оқытылады. Нақтылы мектепті бітірген оқушы орта және содан кейін арнайы жоғары кәсіби-техникалық оқу орындарына түсе алады. Гимназия (5-13 немесе 7-13 сыныптар) толық орта білім меңгертіледі және университеттік үлгідегі ЖОО түсу құқығын береді. Гимназиядағы міндетті пәндер: неміс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математика, биология, дене тәрбиесі, музыка, дінтану болып табылады. Гимназияның бейіндік білім беруіне байланысты әртүрлі нұсқадағы оқу бағдарламалары беріледі. Германиядағы мектептерде бейіндік оқыту барысында пәндер блоктарға сәйкес біріктіріледі, мысалы: «тіл-әдебиет-өнер», «әлеуметтік білімдер», «әлеуметтік-экономикалық», т.с.с. Бейіндік бағыттағы пәндерден басқа тілдік, әдеби-көркем, қоғамдық-ғылыми, математикалық немесе жараты-

лыстану-ғылыми пәндерін меңгере алады. Негізгі мектепті аяқтағанда 4 пән бойынша емтихан тапсырады. 12 және 13 жылдық мектепті сәтті аяқтаған балалар үшінші деңгейді аяқтағандары туралы аттестатқа ие болады. Бұл аттестат кез-келген бейінде оқуға жолдама болып табылады. ЖОО-ға түсуде оқушының аттестаты, ондағы орта ұпай негізгі рөл атқарады [2].

Франция мектептері 5+4+3 схемасы бойынша жұмыс істейді, бірін-бірі біртіндеп ауыстырып отыратын үш білім беру ұйымдарынан: бастауыш мектеп, колледж, лицейден тұрады. Оқу мерзімі – 12 жыл. Бірыңғай оқу жоспары, курстары, жалпы критерийлері, емтихандары, біліктіліктері (білім беру бағыттары бойынша) барлығы үшін бірдей болатын республикалық дәстүрі бар. Францияда бастауыш білім тегін және міндетті. Бала 6 жастан бастауыш мектепке барып 5 жыл (алдымен дайындық сыныбында, екі бастауыш сыныптарында, кейін екі орта сыныптарда) оқиды. Содан кейін 11 жасында ол колледжге (college) көшіп, төрт жыл оқиды. Колледжде сыныптар кері тәртіппен саналады: оқушы алтыншы сыныпқа түседі, төрт жылдан кейін үшіншіні бітіреді. Франциядағы жоғары (бейінді) мектеп арнайы білім беру ұйымы – лицей болып табылады. Лицейде оқуын жалғастыруға колледжді (біздің елде – негізгі орта білім) бітірген азаматтар ғана құқылы. Жоғары буын университетке (бакалавриат) және әртүрлі кәсіби білім түрлеріне дайындық ретінде ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта Францияда 3 жылдың ішінде бакалавриат беретін лицейлер көп. Колледж түлектерінің бір бөлігі мамандық алып, кәсіби лицейлерге (lycee professionell) барады. Онда олар таңдаған бағыт бойынша білім алады. Басқалары жоғары оқу орындарына түсуге ұмтылады және үш жыл бойы бакалавр дәрежесіне емтихандар тапсыруға әзірленеді. Жалпы білім беру филология, экономика немесе жаратылыстану ғылымдары бағыттарына орай құрылған. Мамандандыруға сәйкес лицейліктер ВАС-ES (экономика және әлеуметтік ғылымдар), ВАС-L (тіл және әдебиет), ВАС-S (жаратылыстану ғылымдары) игереді. Техникалық бағыт төрт түрлі мамандандыруды қарастырады: STI (ғылым және өндірістік технологиялар), STT (қызмет көрсету аймағындағы технологиялар), STL (зертханалық зерттеу технологиялары) SMS (медициналық-әлеуметтік ғылымдар). Мектепті тәмамдағаннан кейін оқушылардың барлығы бакалавр курсына сәйкес емтихан тапсырады. Лицейде оқығандардың

бәріне ВАС дипломын бере бермейді, оны тек ауызша және жазбаша емтихандардың қорытындысы бойынша 10 балдан кем емес алған балаларға ғана береді. Одан төмен алғандар емтиханның екінші бөлігін тапсырады немесе қайтадан тапсыруға жіберіледі. Өту балын алмағандар орта мектепті бітіру туралы жай куәлік алады. Жоғары сыныптарда (бастапқы лицей білімі) аттестация математика, француз, тарих/география, қазіргі шетел тілінен өтеді. Техникалық бағыттағылар аттестацияны француз, математикадан, өндірістік ғылым мен технологиядан немесе экология және басқарудан өтеді [4].

Канаданың білім беру жүйесінің құрылымы: бастауыш (1-6 сыныптар), жалпы орта білім (7-9 сыныптар), толық орта білім (10-12 сыныптар). Міндетті білім беру 16 жасқа дейін бекітілген. Мектептік білім беру әр аймақта өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Конституция бойынша әр провинция білім беру жүйесімен өздері айналысады. Балалар мектепке 6 жастан барады. Басқа мемлекеттердегідей Канададағы білім беру бастауыш, орта және жоғарғы сыныптардан тұрады. Барлық аймақта (тек Квебек провинциясында оқу 11 жылдық) 12 жылдық білім беру орын алған, бірақ Онтарио провинциясында 13 жылдық білім алу бекітілген әрі арнайы емтихан тапсырумен аяқталады (*Ontario Academic Credit*). Толық орта білімді жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың 90%-ы меңгереді. Алғашқы кәсіби білім беру орта мектептің жоғары сатысындағы 11-12 сыныптарында жүзеге асырылады. Мектепте білім беру ағылшын және француз тілдерінде және тегін жүргізіледі. Он жылдық оқу міндетті, кейін оқушылар өз білімдерін 11-12 (13) сыныптарда жалғастыра алады немесе колледжге барып оқуға құқығы бар. Әр провинциялық білім беру жүйесі өзінің дінін, тарихы мен мәдениетін оқыта алады. Орта білім беру жүйесі 3 сатыдан тұрады: бастапқы немесе элементар мектеп (6 жыл оқу); төменгі орта мектеп (3-4 жыл оқыту), жоғары орта мектеп (3-4 жыл оқыту). Төменгі мектепте оқу пәндері міндетті және элективті болып бөлінеді. 7 сыныпта оқушылар ағылшынды, математиканы, гигиенаны, әлеуметтік және жаратылыстану циклі пәндерін игеруі міндетті. Жоғары орта мектеп бағдарламасы 3-4 жылға (10-12 және кейде 13-ші сыныпқа) арналған. Оған да төменгі орта мектептегідей көппрофильдік, яғни әртүрлі бейіндерге бөліну жүзеге асады: академиялық, жалпы және практикалық бағыттар. Академия-

лық профиль оқушыларды университетке түсуге дайындаса, профиль бойынша жұмыс істеу мамандығына даярлауды жүзеге асырады [3].

Норвегияда мемлекеттік мектептер басым болғандықтан, ондағы білім алу тегін жүзеге асырылады. Толық орта білімді меңгеру 13 жылға дейін ұзартылған (6 жастан 19 жасқа дейін). Жоғары мектеп – білім беру ұйымының өзіндік түрі. Барлық норвегиялық жоғары мектептер бейіндік болып табылады және олар оқушыларға академиялық немесе кәсіби бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Академиялық бағытта оқыту 3 жыл, ал кәсіптік оқыту 4 жыл (өндірістегі практикасымен қоса алғанда). Әрбір жоғары мектеп жалпы білім беретін профильдерді (физика-математикалық, ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық, тілдік, қоғамтану) және 4-5 кәсіби профильдерді ұсынады. Олардың қатарына: ағаш және темір өңдеу, электроника және компьютерлік техникаға қызмет көрсету, құрылыс, аспаздық, ауыл шаруашылығы, сонымен қатар бірнеше шығармашылық профильдер: музыка, би, театр, журналистика негіздері және т.б. 10 жылдыққа бастауыш және орта сыныптар, қалған үш жылда жоғары сыныптар жатады. Бастауыш мектепте сурет, музыка, математика және физика, ағылшын тілі мен ана тілінен басқа христиандық дінтану, үй экономикасы және таңдау пәні міндетті түрде оқытылады. Норвегиялық мектептерде оқушыға баға қою тек 8 сыныпта ғана басталады. 8 сыныпта баға қоюмен қатар жаңа пәндер де енгізіледі: бухгалтерлік есеп, экономика, сондай-ақ алғашқы кәсіби бағдар беретін пәндер де қарастырылған. Мұғалім оқушының жетістіктерін арнайы портфолиоға жинақтайды. 16 мен 19 жас аралығындағы оқушылардың толық орта білімді тәмамдап шығуы заңды түрде бекітілген, ол 3 жылдық білім берумен шектеледі. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдар беру қарастырылады. Әрбір мектепте екі негізгі міндетті бөлім бар: академиялық және кәсіби шеберлік. Кейбір жағдайларда мектептегі оқу бағыты үшке бөлінеді: академиялық, дәстүрлі, кәсіби шеберлік (құрылыс ісі, жөндеуші). Бір жыл ішінде 36 оқу аптасы жоспарланған. Бастауыш мектепке 20 оқу сағаты бекітілген, ол: математика – 4 сағат, норвег тілі - 6 сағат, табиғаттану - 1 сағат, ағылшын тілі - 1 сағат, бейнелеу өнері, еңбек, дене тәрбиесі, музыка 1-2 сағаттан және дінтану 2 сағат. Әрбір сыныпта 10 оқушы оқиды, кейбір жағдайда 1-2 сыныптар мен 3-4 сыныптар біріктіріледі. Оқу жоспарын мұғалімдер мемлекеттік бағдарла-

маға сүйене отырып жарты жылға жоспарлайды, ал әр аптаның жұмасында әр пәнге сәйкес тақырыптар таңдалады. Журналдар болмайды, мұғалімдер тақырыптық және күнтізбелік жоспарлар жазбайды. Жоғары сыныптарда оқушылардың мектепті бітіріп ЖОО-ға түсуіне көп көңіл бөлінген. Яғни, бұл сыныптарда оқушылардың өздері таңдаған пәндері сабақ кестесіне қойылып жүргізіледі. Егер бірінші оқу жылында апталық оқу жүктемесі 30 сағат болса, келесі жылы бұл сағат өзгереді. Екінші жылы 18 сағат міндетті пәндер қойылса, қалған 12 сағат оқушының таңдаған пәніне беріледі. Ал, үшінші жылы аталмыш оқушыларға міндетті пәнге аптасына тек 14 сағат бөліп, қалған 16 сағатты өздерінің таңдаған пәндерін меңгеруге рұқсат етіледі. Оқушылардың пәнді қаншалықты меңгергенін анықтау үшін Норвегияның емтихандық секретариаты таңдау емтихан-сынағын жүргізеді. Емтиханға екі күн қалғанда мектепке оқушылардың тізімі бар арнайы конверт жіберіледі, сол тізімдегі оқушылар ғана емтихан тапсырады. Ережеге сәйкес бірінші оқу жылында оқушылардың тек 10%-ы, екінші жылдың соңында 25%-ы, мектепті бітіргенде 50%-ы емтихан тапсырады. Емтиханның негізгі мақсаты ұлттық білім деңгейін анықтау болып табылады. Негізгі мектепті бітіргенде оған тағы екі міндетті емтихан қосылады, яғни олар норвег тілі мен таңдауы бойынша бір пәннен тапсырады. Негізгі мектепті бітіргенде 80%-ы ЖОО-ға түседі, ал 20%-ы колледж студенттерінің қатарына қосылады. Норвегияда университеттер мен колледждерге түсу үшін емтихан тапсырылмайды [4].

Жапонияда орта білім беру 3 сатыдан тұрады (6+3+3): бастауыш мектеп (1-6 сыныптар) – сегакко; төменгі орта мектеп (7-9 сыныптар) – тюгакко; жоғары орта мектеп (10-12 сыныптар) – котогакко. Жапонияда бастауыш пен төменгі орта мектеп барлық азаматтар үшін міндетті және тегін болып табылады. Бастауыш мектепте жапон тілі, математика, жаратылыстану (физика, химия, биология), қоғамтану (этика, тарих, этикет), музыка, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, үй шаруашылығы негізгі сабақтар ретінде жүреді. Төменгі орта мектептегі негізгі сабақтар: жапон тілі, қоғамтану, математика, жаратылыстану ғылымдары, музыка, өнер, дене тәрбиесі, шетел тілдері, әлеуметтік сабақтар, пәнаралық сабақтар, таңдау бойынша пәндер (ауыл шаруашылығы және коммерция, өндірістік өнер және үй шаруашылығы).

Төменгі орта мектепті бітіргеннен кейін оқушылар жоғары орта мектепке, техникалық колледждерге, арнайы орта мектептерге бөлінеді. Жоғары орта мектепте екі бөлім бар: жалпы білім беретін және кәсіби бөлімдер. Жалпы білім беретін бөлім екіге бөлінеді: жалпы және академиялық (гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық). Жалпы бөлімде қолданбалы сипатты мазмұндағы пәндер жүреді. Кәсіби бөлімде оқу мерзімінің жартысынан көбі кәсіби дайындыққа кетеді. Шетел тілі, негізінен, 7-сыныптан бастап қана оқытылады. Жоғары мектеп оқытуды арнаулы бағыттар бойынша ұйымдастырады (оқушылардың 50%-нан астамы жалпы академиялық курстарды, қалғандары кәсіби арнайы курстарды таңдайды). Төменгі орта мектепке емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихан тапсырып түсе алады. Білімді тексеру тәсілі – жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар). Сонымен қатар білімді бағалауда американың кейбір мектептері секілді кредиттік жүйе де қолданылады. Орта білімді аяқтау үшін кем дегенде 80 кредит (1 кредит – 35 сағат) алуы қажет. Арнайы пәндер немесе профильдік пәндер бойынша арнаулы бағыттарға түсушілер ең кем дегенде 30 кредит жинауы керек. Жапонияда жоғары сапалы білім алу үшін дзюку деп аталатын міндетті емес, ақылы мектептер қызмет етеді. Балаларын оқытқысы келетін ата-аналар ақшасын аямай оқуға жұмсайды. Жапондықтар орта мектептің бастауыш және орта буындарында білім беру мен тәрбиелеу ісінде «Кокоро» идеясын басшылыққа алады. «Кокоро» дегеніміз – «жүрек, ақыл-ой, ізгілік» деген ұғымдардың жиынтығы. Ұзақтығы 6 жылға созылатын бастауыш мектептің басты міндеті білім жиынтығын беру мен қабілеттерін қалыптастыру емес, ең алдымен «Кокоро» идеясын іске асыру, яғни жастардың биік адамгершілік қасиеттерін, ұлтжандылық менталитетін орнықтыру болып есептелінеді [4].

Қытай елінде жалпы орта білім беру 12 жылдықты құрайды (6+4+2), бірақ бұл барлығына міндетті емес болып табылады. Базалық білім жүйесіне мектепке дейінгі, бастауыш, толықсыз орта және толық орта білім беру енеді. Міндетті 9 жылдық мемлекеттік білім беру енгізілген. Бастауыш мектеп – 6 жыл, ол екі сатыға бөлінеді: 2+4. Екінші саты осы жастағы балалар үшін кәсіби дайындық береді. Оқу бағдарламасының 9 жылдық жаңа реформасы

тұтас білім беру жүйесі ретінде қарастырылып, 2 жылдық мектепке дейінгі бастапқы (1-2 сынып), 4 жылдық негізгі бастауыш (3-6 сыныптар), 3 жылдық бастауыш орта (7-9 сыныптар) мектептерге бөлінеді. Бастауышта «Адамгершілік және өмір» деген жаңа пән жүреді. Бұл пән орта бастауыш сыныпта (3-6 сыныпта) «Адамгершілік және қоғам» болып күрделене келе, «Ғылым» пәні де оқытыла бастайды. Бұл пән балаларды ғылыми жұмыстың негізгі әдістерімен таныстыра отырып, жас ерекшелігіне байланысты ғылым негізіне дайындық жасайды. ҚХР-да білім беруге өзгерістер мен жаңалықтар енгізу 2010 жылға дейін жоспарланған. Қытайдағы орта білім жалпы пәндер (3 жыл) және таңдау пәндері (1 жыл) бойынша дайындық жүргізеді. Негізінен, кәсіби білім беру жүйесі қалыптасқан, барлық мектептер кәсіптік білім беру базасымен жабдықталған. Орта мектеп курсы бітіргеннен кейін барлық оқушылар бітіру емтихандарын тапсырады [3].

Білім берудегі реформалар Ресейде, Украинада, Белоруссияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда және тағы басқа ТМД елдерінде де жүріп жатыр.

Сонымен, шетелдік тәжірибені зерттеу және талдау барысында мынадай үдерістер айқындалды:

- дүние жүзінің көптеген елдерінде 12 жылдық оқыту моделі енгізілген және оның мазмұны оқушылардың қазіргі заманғы білім алу қажеттіліктерін мейлінше толық қанағаттандыруға бағытталған. Соңғы онжылдықта орта білімнің құрылымында да, оқытудың мазмұнында да айтарлықтай өзгерістер болды. Мектептік білім берудің теориясы мен тәжірибесіндегі осындай жаңа үрдістер әлеуметтік-экономикалық жетілдірудің және ақпараттық қоғамға көшудегі міндеттерінен туындаған [4];

- экономикалық жағынан дамыған елдерде

12 жылдық білім берудің стандарттары мен оқу бағдарламалары оқушылардың өмірлік маңызды дағдыларын, жеке басының талғамы мен қабілеттерін ескеруге, олардың бойындағы жалпы іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ әрбір оқушының және қоғамның мүддесі мен қажеттіліктерін басшылыққа ала отырып, білім беруге, тәрбиелеуге, дамытуға бағытталған;

- жастардың күнделікті қоғам өмірінде болып отыратын өзгерістерге тез бейімделуіне жағдай жасалған;

- білімнің нәтижелері, ақпараттарды өздігінен таба білу мен өңдеу біліктілігін қалыптастыру, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, өздігінен даму және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру оқушылардың жеке мақсаттарымен байланыстырылған.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.

2 Абылкасымова А.Е., Ушуров Е.А., Омарова Р.С. Развитие системы общего среднего образования в современном мире. – Алматы: РАДиАЛ, 2003. – 88 с.

3 Дружинский А.Н. Международный опыт 12-летнего среднего образования // Сборник Международной научно-практической конференции «Научное обеспечение функционирования 12-летнего среднего образования». – Алматы, 2007. – 20-21 апреля. – Ч.1. – С. 45-49.

4 Иванова Н. Теоретико-методологические основы содержания образования в 12-летней школе // 12-летнее образование. – 2005. – №7. – С. 3-15.

В статье рассматриваются характерные черты, особенности структуры и содержания школьного образования в странах дальнего и ближнего зарубежья, наиболее ценные дидактические идеи и методы, реализуемые в образовательном процессе. Результаты такого анализа могут быть использованы при разработке содержания и методов обучения в 12-летней школе.

The article discusses characteristics, features of the structure and content of secondary school education in neighboring and foreign countries as well as the most valuable teaching ideas and methods implemented in the educational process. The results of this analysis can be used to develop content and teaching methods designed for a 12-year-long school model.